

ЖББ Қ.Мырзалиев атындағы орта мектептің тәрбие жұмысы бойынша соңғы үш жылдың салыстырмалы талдауы

2017-2018 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуір №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін» басшылыққа ала отырып және 2017 жылдың 7 маусым күнгі облыстық білім басқармасының сараптама кеңесінің отырысында қаралған №2 хаттамасымен бекітілген «Тәрбие жұмысы бойынша бірыңғай жұмыс жоспары» әдістемелік ұсынымын басшылыққа алып құрылды, тәрбие жұмысына қатысты нормативтік құжаттар басшылыққа алынды.

Тәрбие жұмысы Тұжырымдамада көрсетілген төмендегідей бағыттар бойынша жоспарланып, жүргізілді:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие және сыбайлас жемқорлықтың алдын- алу
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасы тәрбиесі;
5. Еңбек, экологиялық және экономикалық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Негізгі басым бағыттарға қоса оқушы өмірінің қауіпсіздігі, балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу, балалар мен жасөспірімдер бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу, оқушылардың өзін-өзі басқару органы мен жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру, тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілермен әдістемелік жұмыс, тәрбие жұмысын бақылау, тәрбие жұмысы жүйесінің мониторингілеу жұмыстары жоспарланды.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта жүзеге асырылды.



2015-2016 оқу жылында 42 сынып комплектісі+ 42 сынып жетекші болса, 2016-2017 оқу жылында 42 сынып комплектісі + 42 сынып жетекші + 2 куратор қосылса, 2017-2018 оқу жылында бала санының көбеюіне байланысты екі сыныпқа артып, 44 сынып комплектісі, 40 сынып жетекші + 4 кураторға көбейді. МАДС саны 5. ТІЖО – 2, психолог – 2, әлеуметтік педагог – 1, тәлімгер – 1.

2016-2017 оқу жылында басқа аудандар қатарында оқу жылында Сырым ауданының Қ.Мырзалиев ат.ЖОББМ, Ж.Досмұхамедов ат. ЖОББМ балабақша кешенінде кураторлық қызмет енгізілді. Сырым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 433 қаулысы негізінде, Аудандық білім беру бөлімінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 376 бұйрығын басшылыққа алып Назарбаев Зияткерлік мектебінің іс-тәжірибесін енгізу және сынып жетекшінің жұмысын дамыту, халықтың мұра болып келе жатқан мәдениетін меңгертуге барлық жағдайды туғызу, сынып ұжымында түрлі тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыру арқылы әр баланың ойын еркін жеткізуге, жеке түзету үдерісін әлеуметтендіру жұмыстарын жүргізуді жетілдіру мақсатында 2016-2017 оқу жылының ІІІ тоқсанынан 5-інші сыныптың төрт сынып комплектісіне 2 бірлік кураторлық штат ашылып, конкурстық негізде екі куратор жұмысқа қабылданса, 2017-2018 оқу жылының ІІ тоқсанынан тағы екі куратор қабылданды. (слайд 6)

Бүгінде мектебімізде 5-6 сыныптарда, яғни 8 сыныпта 4 куратор қызмет атқарады. Кураторлар сабақтарға қатысып, балалардың оқу үлгеріміне, олардың жүріс-тұрысына бақылау жасайды, ата-аналарды жаңалықтардан хабардар етіп тұрады. Кураторларға сабақ жоспарлары мен дәптер тексерулер жүктелмеген, сондықтан өздерін тәрбие жұмысына толықтай арнай алады.

Куратор баланың жеке дамуын бақылауға, қалыпты жағдайда жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай туғызады, қоршаған ортамен байланыста болуына, әсіресе табиғат, ғылым, өнер және бастысы адамдармен байланыста болуына көмектеседі. Көшбасшыны, Қазақстан патриотын, құқықтық демократиялық мемлекет азаматын, құқық және жеке тұлға бостандығын сыйлайтын, жоғары адамгершілік қасиеті бар оқушыны тәрбиелеу.


2015-2016 оқу жылында мектептегі оқушы саны – 757 (387 қыз бала), МАДС тәрбиеленушілері 86 (33); 2016-2017 оқу жылында – 796 (401) болса, МАДС тәрбиеленушілері 119 (45); 2017-2018 оқу жылында – 845 (404) оқушы, МАДС тәрбиеленушілері 91 (46) болды.




Аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындар мен Алғыс хатқа ие болған оқушылар саны туралы мәлімет




Аудандық шығармашылық сайыстар мен интеллектуалдық ойындар нәтижесінің динамикасы, бірлік





Облыстық шығармашылық сайыстар мен интеллектуалдық ойындар нәтижесінің динамикасы, бірлік



Республикалық шығармашылық сайыстар мен интеллектуалдық ойындар нәтижесінің динамикасы, бірлік







Үш оқу жылын салыстырғанда түрлі байқауларға қатысқан оқушы саны күрт өсу байқалады. Бұл көрсеткіш шығармашылық орталығы

жанындағы үйірмеге, саз мектебі жанындағы үйірмеге, БЖСМ үйірмелеріне қатысатын оқушыларымыздың үлесінен өсіп отыр.

Оқушылар қатысып жүрген байқауларды деңгейі жағынан да сараптасақ, жылдан-жылға өсу байқалады. Яғни, 2015-2016 оқу жылында оқушыларымыз республикалық және халықаралық байқауларға қатысуы төмен болса, 2016-2017 оқу жылында оқушыларымыз республикалық байқаудың 116 түріне қатысқан, 2017-2018 оқу жылында 11 оқушымыз халықаралық, 185 оқушымыз республикалық деңгейдегі байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып отыр.



Оқушылардың үйірмемен қамтылуы



2017-2018 оқу жылында мектепте және мектептен тыс мекемелерде оқушылардың үйірмелерге қатысуы туралы мәлімет


№	Үйірме атауы	Қатысқан оқушы саны	Үйірме жетекшісі
Мектепшілік			
1	Ғажайып математика	18	Беялова Т.А
2	Ғажайып математика	18	Вакант
3	Ғажайып математика	19	Магзотова Г.А
4	Ғажайып математика	22	Мырзашева Э.К
5	Ғажайып математика	22	Сильбаева М.Г
6	Ғажайып математика	16	Вакант
7	Мәңгілік ел	18	Беялова Т.А
8	Мәңгілік ел	18	Вакант
9	Мәңгілік ел	19	Магзотова Г.А
10	Мәңгілік ел	22	Мырзашева Э.К
11	Мәңгілік ел	22	Сильбаева М.Г
12	Мәңгілік ел	16	Вакант
13	Көркем жазу	24	Омарова Т.Ж
14	Көркем жазу	15	Батырғиязова Г.Ж
15	Көркем жазу	22	Сембиева Ж.Ж
16	Көркем жазу	21	Муратимова Ш.К
17	Қол өнері	22	Акмуханова К.Б
18	Қол өнері	20	Нурмуханова Л.М
19	Қол өнері	24	Габдрахимова Б.Ж
20	Қол өнері	26	Куспанова Б.Т
21	Қол өнері	20	Жумашева Ш.А
22	Қол өнері	24	Надинова Қ.А
23	Қол өнері	19	Сарсенғалиева А.А
24	Қол өнері	20	Жанадилова В.Г
25	Қадыртану	18	Сарсенғалиева А.Қ
26	Қадыртану	15	Туржигитова Г.Қ
27	Вокал	16	Досалиева А.М
28	Пушкиноведение	11	Траисова А.С
29	Робот техникасы	16	Өтеғали Е.А
30	Футбол	7	Чукуров Е.Н.
31	Әдеби драмалық үйірме	24	Батырова С.Т
32	Өлкетану	22	Тресова А.Ж
33	Қол күресі	12	Акмуханов А.Қ
34	Робот техникасы	24	Өтеғали Е.А
35	Баскетбол	7	Искаков Р.Ш
36	Баскетбол	11	Султанов Н.С
37	Рукоделие	13	Джакупова Г.М
38	Автоісі	24	Шайхиев Е.Х
39	Автоісі	22	Шайхиев Е.Х
40	Автоісі	22	Шайхиев Е.Х
41	Автоісі	9	Шайхиев Е.Х
760 оқушы			
Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы			
1	«Вокал»	36	Рахметов Қ.Қ
2	«Жас ақындар» ақындар үйірмесі	24	Жампозов М
3	«Би» тобы	28 29	Нурмуханова Г.Н Сарғузиева А.А
4	«Робототехника»	16	Тасанов А

5	«Фото»	12	Тасанов А
6	«Театр»	36	Аубекеров Э
7	«Айтұмар» колөнер	33	Макарова М
8	«Жас техник»	34	Жәңгірханов Н
9	«Жас суретші»	35	Рахметова Г
283 оқушы			
Спорт мектебі			
1	Қазақ күресі	19	Нурмуханов А.Б.
2	Самбо	24	Чукуров Е.Е.
3	Футбол	24	Чукуров Р.Н.
4	Дзюдо	18	Кужахметов М.М.
5	Жеңіл атлетика	12	Султанов Н.С
6	Бокс	20	Оразбаев Т
7	Волейбол	24	Кәрімов Р.Ж
8	Тоғызқұмалақ	24	Жайсултанов М.
165 оқушы			
Саз мектебі			
1	Домбыра	12	А.Ф.Сапаралиева
		12	Ж.Ф.Умбетьярова
		12	А.Қ.Жалмуханбетов
2	Фортепиано	17	Бисенғалиева А.А
3	Дәстүрлі ән	11	Қажығалиев Д.Б
4	Скрипка	12	Ихсанов М.Е.
5	Труба	7	Опағалиев О.Ж.
6	Баян	2	Сарғузиев С.Д
85 оқушы			
Туризм орталығы			
1	«Атамұра» туристік – өлкетану	10	Ескабулов Е.М
2	«Алтын-Дала» экология	30	Мухамедова М.Ж
3	«Мөлдір бұлақ» экология	13	Ишанғалиева М.Е
4	«Экодостар» экология	30	Бекмуханова А.Б
5	«Азимут» спорттық бағдарлау	12	Есламғалиева Ж.Б
6	«Олимп» спорттық туризм	12	Есламғалиев Ж.Б
107 оқушы			
Жалпы 640 оқушы			

Оқушылардың оқу және оқудан тыс қызметінде мектеп ішінде 41 түрлі үйірме жұмыс жасап, 760 оқушы қамтуда. Мектептен тыс мекемелер «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы»- 283 , жасөспірімдердің спорт мектебі-165, саз мектебі- 85 , туризм орталығы-107 бала өз мүмкіндіктерін іске асыруда. Барлығы 640 оқушы бос уақытын тиімді ұйымдастыруда.

2015-2016; 2016-2017; 2017-2018 оқу жылдарында жоспарланған іс-шаралар саны

Биылғы оқу жылында жоспарланған шаралар санына қоса қосымша аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі іс- шаралардың көптеп келуіне, сонымен қатар облыстық, «І Республикалық Қадыр оқулары» байқауының өту барысында дайындық жұмыстарына, мектеп мұражайында жаңарту жұмыстары, «К.Н.Федянин» атындағы сыныптың ашылуы сынды шаралар барысында мектепшілік бақылау жұмысы әлсіреді.



Мектепшілік бақылаудағы оқушылар туралы мәлімет

Оқу жылы	Мектепшілік бақылаудағы оқушы саны	Оның ішінде ПО есептегі оқушы саны	Олардың ішінде үйірме, секцияларға қатысатындар саны	Қолайсыз отбасылар саны	Ондағы балалар саны
2015-2016	2	1	1	1	1
2016-2017	4	1	2	2	3
2017-2018	7	2	4	1	2

№	Аты-жөні	Туған жылы	Есепке алынған уақыты	Есепке алу себебінің мазмұны	Отбасы туралы мәлімет	Жүргізілген жұмыстар
1	Кәрім Мерей	31.12.2006	13.04.2016	Қолайсыз отбасы	Толық емес жанұяда тәрбиеленуде ата-анасы ажырасқан анасымен, 2 інісімен Асадуллин көшесінде орналасқан мекен жайда уақытша тұрады	Үнемі оқушының үйіне рейд жүргізіліп отырады, Шілде айында «ЭКСПО-2017» көрмесіне демеушілер көмегімен барды, Аудан әкімі шыршасына барды
2	Кәрім Муслим	23.07.2008	13.04.2016	Қолайсыз отбасы	Толық емес жанұяда тәрбиеленуде ата-анасы ажырасқан анасымен, ағасымен, інісімен Асадуллин көшесінде орналасқан мекен жайда уақытша тұрады	Үнемі оқушының үйіне рейд жүргізіліп отырады, «Мектепке жол» акциясы аясында мектеп құралдарымен, Жалпыға бірдей білім беру қорынан қысқы куртка, қысқы етікпен қамтамасыз етілді. Аудандық «Достық» лагеріне барды.
3	Дизин Максим	08.05.2003	24.10.2016	Себепсіз сабақ қалдырады	Толық емес отбасында тәрбиеленуде ,анасы екінші отбасымен Ресейде тұрады өзі нағашы әжесімен бірге тұрады.	Үнемі оқушының үйіне рейд жүргізіліп отырады.
4	Латиев Әділғалым	10.05.2003	26.10.2017	Себепсіз сабақ қалдырады	Көп балалы отбасы. Ата-анасы жұмыссыз	«Мектепке жол» акциясы аясында мектеп құралдарымен, Жалпыға бірдей білім беру қорынан қысқы етікпен қамтамасыз етілді. Самбо, дзюдо , қазақша күрес

						үйірмелеріне қатысады.
5	Еркингалиев Эльдар	06.09.2009	26.01.2017	Мектептің ішкі тәртіп ережесін бұзу.	Амангелді көшесінде орналасқан №5 үй. Нағашы әжесімен, нағашы ағасымен, інісімен тұрады. Ата-анасы ажырасқан, анасы Орал қаласында жұмыста	Жалпыға бірдей білім беру қорынан қысқы курткамен қамтамасыз етілді.
6	Қажедден Досымхан	16.11.2002	20.09.2017	Қылмыстық жауапкершілік басталатын жасқа жетпеуіне байланысты қылмыстық жауапкершілікке жатпайтын қылмыстық құқықбұзушылық белгілерін қамтитын теріс қылықтар жасаған	Молдагулова №2 үйде орналасқан жалдамалы пәтерде әкесімен, ағасымен тұрады. Анасы қайтыс болған.	
7	Бақтығалиева Ақбота	24.05.2003	24.11.2017	Қылмыстық жауапкершілік басталатын жасқа жетпеуіне байланысты қылмыстық жауапкершілікке жатпайтын қылмыстық құқықбұзушылық белгілерін қамтитын теріс қылықтар жасаған	Көп балалы, толық, аз қамтылған отбасында тәрбиеленуде.	Жалпыға бірдей білім беру қорынан қысқы курткамен қамтамасыз етілді. Маусым айында «ЭКСПО-2017» көрмесіне демеушілер көмегімен барды. Аудандық МҮ жанындағы вокал үйірмесіне қатысады.

Мектеп директоры:

М.Ақбасов

Орынд: ТІЖО Е.Даулов
Д.Жумашева